

Жарқайың аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 8С-3/3 "Ақмола облысы Жарқайың ауданында шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы" шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Ақмола облысы Жарқайың аудандық мәслихатының 2023 жылғы 17 қазандағы № 8С-12/2 шешімі. Ақмола облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 18 қазанда № 8632-03 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Жарқайың аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жарқайың аудандық мәслихатының 2023 жылғы 14 сәуірдегі № 8С-3/3 "Ақмола облысы Жарқайың ауданында шетелдіктер үшін 2023 жылға арналған туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту туралы" (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8542-03 тіркелген) шешімінің күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жарқайың аудандық мәслихатының төрағасы

А.Альжанов